

Qasym

Республикалық әдеби-қоғамдық журнал

№3 (41)
2018

РУХАНИ
ЖАҒҒЫРУ



Бұқар жырау - 350 · Толғаулар · Астана - 20 ·
Жамбыл АРТЫҚБАЕВ · Поэзия · Серік
АҚСҰҢҚАРУЛЫ · Қасымтану · Гаухар
ҚҰМАРОВА · Проза · Асылбек ИХСАН · Жас
қалам · Мадина ЫДЫРЫС

Қасым

Ей, тоқандар дүние,


Маған да бір қараңыз!

АСТАНА – ҰЛЫ ДАЛА
ЕЛОРДАСЫ!



Жамбыл
АРТЫКБАЕВ

ҚАРАӨТКЕЛДІҢ ЕСКІ МЕШІТІ





БҰРЫНҒЫ-СОҢҒЫ

тарихты

парақтасақ, Қараөткел ешқашан дін орталығы болған емес, бірақ қазақ заманында өткел маңында шағын мешіттер болған. Оның негізгі себебі біреу – бұл қоныс ежелден Ұлы даладағы үлкен сауда орталығы, тоғыз жолдың торабы, оның үстіне Есілдің осы тұсы даланың ұлы билеушілерінің тақ орнатқан жері. Ресей билігі орнағаннан кейін, Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы осы дәстүрді жалғастырып, бекініс жанынан мешіт салғызады. Белгілі өлкетанушы А.Ф.Дубицкий Қараөткелдің алғашқы мұсылман мешіті 1838 жылы салынды деп жазады (А.Ф.Дубицкий. Проїдемся по улицам Целинограда. Целиноград, 1990 с. 22). Оның пікірінше, мешітті патша үкіметі Ресей мен Орта Азия арасындағы сауданы қолдау мақсатымен салған. Біз бұл пікірмен толық келісеміз, сонымен бірге оған қосатынымыз үш мәселе. Біріншіден Қазақстанды Ресей бодандығына қарату барысында патша үкіметі мүмкіндігі келгенше жергілікті елмен тіл табысып, оның көңілін табуға күш салды. Екіншіден, ислам дінін Ресей бодандыққа өткен елді тәртіп басқаруға пайдаланамыз деген үлкен үміті болды, қандай дін болмасын адамнан қашанда әуелі «Құдайды мойында, екіншіден Патшанды сыйла» дейді. Үшіншіден, мешітке қызметкерлер Ресей татарларынан әкелін және жергілікті елдің көңіл-күйін бақылау үшін таптырмас қызмет атқарды.

Осы түсінік ІІ Екартеринаның заманында қалыптасып, қазақтың і елбасыларына ағаш үй, мешіт салып беру ХУІІІ ғасырдың 60–жылдарына басталды. Қараөткел мешітінің салынуы алдымен Ақмола дуанының алғашқы аға сұлтаны болған Қоңырқұлжа Құдаймендіұлының еңбе екіншіден, Сперанский жасаған «Сібір қазақтарын басқару турал Жарғыда» осыған байланысты арнайы ережесінің болуы.

Қараөткелдің алғашқы мешіті қорғанның ішінен емес, сырты салынды. Оның, қарап отырсақ, біраз сыры бар. Біріншіден, орысты мұсылман бірінің бірі тілін табады, оларды қорғаудың не керегі бар деп болар. Екіншіден, өткелден өткен сауда керуендеріне көрнекті болуы үшін де мешіттің сыртта тұрғаны жөн көрінген шығар, мешіт бекіністің солтүс қапталынан салынды. Сол себептен патша заманында бұл көше Мечетная (Мечетная) атанды. Мешіттің алғашқы молдасы Сейітов Бураб деген кісі еді.

Қараөткелдің алғашқы мешіті Көшек орманынан әкелінг бөрене ағаштардан салынды. Қаңылтыр шатырлы, ортасында биік е салынған азан шақыратын мұнарасы бар. Қараөткелге сауда керуенді келгенде мешіттің биік мұнарасынан арнайы дұға оқылатын дәстүр болғ Мешітті айнала Қараөткелге қоныстанған алғашқы қазақ тұрғындарын үйлері пайда болды. Олардың ішінде Молда Бурабай Сейітовтың ү Темірбай қажының үйі, аға сұлтан Қоңырқұлжаның өз үйі, т.б. Бөренед қиып салынған бұл үйлердің біразы 1950 жылдарға дейін келді. Со заманында Есіл жағасындағы қалалық парк атанған Конгресс–холд жанындағы алаңқай 1840 жылдары қазақ мешігінде болды. Қазақтар паналап Қараөткелге ағайынды Ноғаевтар бастаған сібірлік татарлар қоныстана бастады.



1865 жылы 23 тамызында А.К.Гейнс «Уақытша Ережелерді» даярлау барысында Ақмола округінде де болып, өзінің «Күнделігінде» біраз әңгімелер қалдырған. А.К.Гейнстің жазуына қарағанда, Ақмола мешітінің жанында мұсылман мектебі бар, молдасы Қарабек Байбеков деген адам.

Өз заманында Ақмола төңірегіне дін шапағатын әкеліп, ислам нұрын шашқан, талай теперішті көрген Қараөткелдің ескі мешіті 1920 жылы Совет үкіметі орнасымен отқа оранды. Ескі мешіттің жанып кеткеніне ызалы мұсылмандар қаражат жинай бастады. Осы бір азамат соғысынан жаңа ғана құтылған, елдің қолындағы мал селдіреп қалған жоқшылық уақытта қазақтың өз арасынан шыққан ірі сауда әулеті Қосшығұловтар мешітті қайта жаңғыртуды өз мойындарына алды. 1976 жылы Ақмола облыстық мұражай қызметкерлерінің сұрақтарына жауап бере отырып, қаланың байырғы тұрғындарының бірі Николай Иванович Второв «Коцегулов Курмангали Баймұхамедович был крупный торговец, имел магазин в Гостином дворе, конфетную фабрику, жил в доме, где до июня 1976 года размещался облатной суд. Он же по рассказам местных казахов за свой счет построил мечеть, где был пивзавод» дейді. Бұл – қоспасы жоқ тарихи шындық. Осылайша жанып кеткен ағаш мешіттің орнынан күйген қызыл кірпіштен көтерді. Бір қызығы, тас мешіт тура ағаш мешіттің сәулет өрнектерін қайталады, бірақ кірпіштен соққанның аты – кірпіштен соққан, қаланың дәл ортасы өңі кіріп, жарқырап шыға келді.

Кірпіштен соғылған мешіттің өмірі ұзақ болған жоқ. Н.И.Вторин мешіттің дәл қай жылы жабылғанын біле алмадым дейді «когда была закрыта казахская каменная мечеть, никто из старожилов точно не





помнит, все называют разные годы (1931–1932, 1933–1934 гг.)». Бір сөзбен айтқанда, 1930 жылдардың басында қазақ жеріне төнген ұлы апат – аштықты пайдаланып, большевиктердің мешітті жапқаны анық.

Большевиктер мешітті бірден қиратқан жоқ, алдымен оны тарихи-өлкетану мұражайына берді. А.Ф.Дубицкий мұражай мешітке 1930 жылы көшіп келді дейді, яғни мешіттің де осы жылы жабылғанына дәлелдің бірі. Мұражай болған уақытта мешіттің сәулеттік бейнесіне еш өзгеріс енген жоқ, оның биік мұнарасы да, күмбез шатыры да, тастан өрген сыртқы шарбағының бағандары да сақталды... Мешіттің шарбағының сыртынан мұражайдың шыныдан фотопавильоны салынды. 1940 жылы тарихи-өлкетану мұражайы казачья слободадағы Константин–Елена шіркеуіне көшірілді де, ескі мешітті үкімет «Казпиво» аталатын зауытқа берді.

Екінші дүние соғысында апаттан, жоқшылықтан күйзелген елдің өтініші бойынша көп жерлерде большевиктер аман қалған діни құрылыстарды елге қайтарғанда Ескі мешітті берген жоқ. Сыра шығаратын өндіріс басшылары мешітке қайбір жаны ашысын, біртіндеп мешіттің маңы түгел тоналды, шарбағы құлады, азып–тозу бастады. Ақыры коммунистер бертінгі уақытта оны тас–талқан қылып бұзып, орнын бес қабатты тұрғын үймен жапты. Қазіргі күні ескі мешіттің орнында Иманов көшесінде біз бес қабатты совет заманында тұрғызылған тұрғын үйді көреміз...

